

## «Жазғы демалыс - 2017» интернет-байқауы

**Байқау мақсаты:** жазғы демалыс кезінде балаларды демалдыру, сауықтыру үшін тиімді жағдайды және олардың қабілеттері мен қызығушылықтарын жан-жақты дамытуды қамтамасыз ететін жаңа инновациялық әдістер және технологияларды анықтау.

Байқауды Астана қаласы, «Шабьт» білім беру – әдістемелік орталығы» ЖШС өткізеді.

Байқауға мектепке дейінгі, жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының педагогтері, әдіскерлер, тәрбиешілер, тәлімгерлер қатыса алады.

**Байқау жұмыстары 2017 жылғы 11 мамырдан 24 маусымға дейін [zhaz-baikau@mail.ru](mailto:zhaz-baikau@mail.ru)** электрондық поштаға қабылданады.

Байқау қорытындысы **2017 жылғы 10 шілдеде [www.shabyt-concours.kz](http://www.shabyt-concours.kz)** сайтына орналастырылады.

### **Байқау номинациялары:**

Байқауға балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру бойынша авторлық бағдарламалар, оқыту әдістерін, құралдарын, формаларын айқындайтын оқу құралдары, заманауи педагогикалық технологиялар элементтері, жазғы демалысты ұйымдастыруға арналған жеке атқарымдары, іс-шаралар сценарийлері, ойындар жинағы қабылданады.

*Жұмысты бағалау критерийлері:* жұмыстың инновациялығы, орындау шеберлігі; шығармашылық жұмыстың мазмұны мен өзектілігі; жаңашылдығы; өзіндік ерекшелігі, сонылығы, көркемдік шешімі; сапасы.

Басқа адамның және Интернет желісінен алынған материалдарды қолдануға қатаң тыйым салынады.

### **Қатысу ережелері:**

Байқауға қатысу үшін **3000 (үш мың)** теңге төлемақы төлеуі қажет. Төлемақы барлық банк немесе Қазпошта бөлімшелерінде келесі реквизиттер арқылы жүргізіледі:

Алушы: «Шабьт» білім беру-әдістемелік орталығы» ЖШС (резидент).  
«Қазақстан Халық Банкі» АҚ, Астана қаласы  
БИН 170140027918  
ИИК KZ306010111000328819(KZT)  
БИК HSBKKZKX

КНП 869

Кбе 17

Код 19

Төлемақы аталуы: «**Жазғы демалыс - 2017**» байқауы.

Байқауға қатысушының (жіберуші) аты-жөнін, тегін міндетті түрде көрсету керек.

**Анықтама телефон: 8 707 371 12 16, 8 777 280 73 70**

Байқауға қатысу үшін мына құжаттарды [zhaz-baikau@mail.ru](mailto:zhaz-baikau@mail.ru) электронды поштаға жіберу қажет:

- 1) 1-қосымшаға сәйкес **өтінімді**;
- 2) **сканерден өткізілген төлемақы құжатын** (түбіртек);
- 3) **байқауға қатысатын жұмысты** электронды түрде.

Байқау жұмысы өтінімі формасын толтыру кезінде мұқият болыңыз. Сіз енгізген мәліметтер ынталандыру құжаттарын рәсімдеу кезінде қолданылады.

### **Қатысушыларды ынталандыру:**

Жеңімпаздар Гран-при, I, II, III дәрежелі дипломдармен марапатталады, орынға ілікпеген қатысушыларға сертификаттар беріледі.

Жеңімпаздардың дипломдары, байқауға қатысушылар сертификаттары электронды нұсқалары 2017 жылдың 10 шілдеде жіберілетін болады.

1-қосымша

### **Байқауға қатысуға өтінім**

Қатысушының толық аты-жөні	Жасы	Облыс, қала, ауыл	Білім беру ұйымының толық аталуы, қызметі	Байқау номинациясы	Қатысушының байланыс мәліметтері (ұялы телефоны, жұмыс және жеке эл.поштасы, сол жерге сізге диплом/ сертификат жіберіледі)
1	2	3	4	5	6